

№ 1 лот

Лот жолаушылар терминалы ғимаратында төлем терминалдарын орналастыруға арналған орынды ұсынады.

Лот бойынша екі жеңімпаз анықталады, олардың әрқайсысына келесі тәртіпте орындар ұсынылатын болады:

- жалпы аймақтың бірінші қабатында - 2 (екі) ;
- жалпы аймақтың екінші қабатында -1 (бір);
- стерильдік аймақтың екінші қабатында - 1 (бір).

Төлем терминалдарының орналасу орнын анықтауды Қоғам шешеді.

Біліктілік талаптары:

- демалыссыз тәулік бойы жұмыс істеуді қамтамасыз ету;
- техникалық қолдау қызметінің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- сыртқы дисплейде байланыс телефондарының болуын қамтамасыз ету;
- 3 жыл бойы жалдаудың пайдалану мақсатын өзгертуге тыйым салынады;
- іріктеу мәні болып табылатын қызмет көрсетудің қызметімен байланысты жарнама орнатуға тыйым салынады;

Объектіні пайдаланғаны үшін тарифтер мен алымдар

Белгіленген жалдау төлемі – ҚҚС-ны есептемегенде айына 1 терминал үшін 60 000 (алпыс мың).*

Кепілдендірілген төлем – үміткер іріктеуге қатысуға өтініште анықтаған түсімнен түсетін ай сайынғы төлем.

Ұсынысты қабылдау мерзімі

Ұсынысты үміткер немесе оның мүддесін білдіретін тұлға 2017 жылғы 06 қаңтар Астана уақытымен 18:00-ге дейін Қоғам мекенжайы (Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 119, жолаушылар терминалы ғимараты, 2042-кабинет) бойынша жапсырылған хатқалтада ұсынады

Ұсынысы бар хатқалтаны ашу күні, уақыты және орны

Үміткерлердің ұсыныстары бар хатқалтаны ашу бойынша сараптама комиссиясының отырысы 2017 жылғы 10 қаңтар Астана уақытымен 14 сағат 30 минутта Астана қаласы, әуежай, 14 ПББ, «Штаб» әкімшілік ғимараты мекенжайында өтеді

Іріктеу қорытындысын шығару күні: 2017 жылғы 13 қаңтар.

Жеңімпазды анықтау өлшемшарттары бойынша барынша көп ұпай жинаған үміткерлер анықталады.

Жеңімпаздарды жариялау күні: 2017 жылғы 13 қаңтар